

«ALMAHOME» ҚОЛДАНБАСЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША КЕЛІСІМ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «AlmaHome» Қолданбасын (бұдан әрі – «Қолданба») пайдалану бойынша осы Келісім Алматы қ., Әйтиев к-сі, 23-үй мекенжайында орналасқан «АлмаТел Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Құқық иесі») және Қолданбаны пайдаланатын тұлға (бұдан әрі - «Қолданбаны пайдаланатын тұлға») арасындағы қарым-қатынастарды реттейді, олар бірлесіп «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» деп аталады. Бұл ретте Қолданбаны пайдаланатын тұлға ретінде Қазақстан Республикасының аумағындағы, 18 жасқа толған не одан үлкен, сот оны қызмет қабілетінен айырмаған немесе шектемеген, Қолданбаны орнатқан және осы Келісімнің 1.4-т. сәйкес тіркеуден өткен кез келген жеке тұлға түсініледі. Осы Келісімнің талаптары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес жария оферта болып табылады және Қолданбаны пайдалану осы Келісімнің жағдайларында ғана мүмкін болады. Осы Келісіммен танысу осы Қолданбаны жеке пайдалану үшін орнатқан тұлға Қолданбаға алғаш рет кірген кезде міндетті талап болып табылады. Қолданбада тіркеуді жүргізетін тұлға осы Келісіммен танысқанын растайды және оның талаптарымен келіседі.

1.2. Қолданба «Ақылды домофон» қызметіне, «Бейнебақылау қызметіне» (бұдан әрі – «Қызметтер», ал жеке-жеке «Қызмет») қолжетімділік ұсынады. Қызметтердің әрқайсысының функциялары, сондай-ақ Қызметтер көрсетудің өзге де талаптары «<https://alma.plus>» сайтында (бұдан әрі – «Сайт») көрсетілген. Қызметтер күзет, бақылау, дабыл беру, қауіпсіздік және/немесе қажетсіз салдардың, мүлікке және/немесе денсаулыққа залалдың туындауын болдырмау жүйесі болып табылмайды. Қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын жабдықтан (бұдан әрі – «Жабдық») берілетін мәліметтер соның негізінде Қолданбаны пайдаланатын тұлға мүліктің/денсаулықтың сақталуы бойынша қажетті шараларды дербес түрде қабылдайтын ақпарат болып табылады.

1.3. Қолданбаны пайдаланатын, Қолданбаны орнатқан және 1.4-тармаққа сәйкес тіркеуден өткен тұлға онымен жасалған Қызметтер көрсету туралы пайдаланушылық келісімнің болуына қарай Абонент не Пайдаланушы ретінде танылады. Осы Келісім шеңберінде Тараптар төмендегілерді анықтады:

- Құқық иесі Қызметтерді алу мақсатында Қызметтер көрсету туралы пайдаланушылық келісім жасаған тұлға Абонент болып табылады;

- Абонент Құқық иесі айқындаған тәртіппен Қолданбаның функционалы арқылы Қызметтерді алуға рұқсат беретін тұлға Пайдаланушы болып табылады.

1.4. Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның елісімінің талаптарын толық және сөзсіз қабылдаған уақыты болып оның Қолданбада тіркелген уақыты саналады. Қолданбада тіркеуді аяқтау уақыты болып Құқық иесі айқындаған тәртіппен Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның мәліметтерін Құқық иесінің растау рәсімінен өтуінің аяқталуы есептеледі.

1.5. Қолданба арқылы Қызметтер/Қызмет көрсету үшін Құқық иесі Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның (Абонентті қосағанда) дербес деректерін жинамайды, өңдемейді, сақтамайды және пайдаланбайды. Тараптар Келісім шеңберінде дербес деректерді өңдеу деп дербес деректерді жинақтау, өзгерту, толықтыру, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жоюды көздейтінін мойындайды. Тараптар Құқық иесінің Қолданбаны пайдаланатын тұлға туралы мәліметтерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының талаптарының қолданылмайтынын мойындайды. Қолданбада тек фото-бейне кескіндер сақталады, олар қызметті басқару жүйесіне Пайдаланушыны/Абонентті автоматты режимде тануға және қол жеткізуге мүмкіндік береді, бірақ деректерді жасырн етуге байланысты оның жеке басын анықтауға мүмкіндік бермейді.

1.6. Жабдық ретінде Цфирлық бейнекамера, интерком желісі, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету, техникалық жабдық және байланыс желісінің желілері түсініледі, ол арқылы Құқық иесі Пайдаланушыға/Абонентке Қолданба арқылы Қызмет көрсетеді.

1.7. Құқық иесі осы Келісімге кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Барлық өзгерістер Сайтта жарияланғаннан кейін дереу күшіне енеді және осындай жарияланым уақытынан бастап Қолданбаны пайдаланатын тұлғаға жеткізілген болып есептеледі. Қолданбаны

пайдаланатын тұлғаның Қолданбаны пайдалануды жалғастыруы Келісімнің талаптарын және осы Келісімге енгізілген өзгерістерді қабылдағанынан білдіреді. Қолданбаны пайдаланатын тұлға осы Келісімді онда өзгерістердің балуы не болмауы тұрғысынан тексеруге дербес түрде жауапты болады.

1.8. Құқық иесінің Қолданбаны пайдалануға арналған лицензиясы бар, Пайдаланушы/Абонент Қолданбаны осы Келісімде көрсетілген жағдайларда ғана пайдалана алады.

2. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ

2.1. Осы Келісімнің мәні Қолданбаны пайдаланатын тұлғаға Қызметтерге (Қызметтердің шеңберінде Қолданбада қолжетімді болатын функционалға) қолжетімділік ұсыну болып табылады.

2.2. Құқық иесі келген уақытта Қолданбадағы Қолданбаны пайдаланатын тұлғаға қолжетімді функционалды өзгертуге құқылы.

2.3. Осы Келісімнің қолданысына Қолданбаның барлық қолданыстағы нұсқалары, сондай-ақ олардың кез келген кейінгі түрлендірулері және Қолданбада алдағы уақытта пайда болатын қолжетімді қосымша қызметтер кіреді.

2.4. Қолданба мерзім бойынша шектеусіз тегін негізде пайдалануға беріледі және тек Қазақстан Республикасының аумағында ғана қолданылады.

2.5. Қолданбаның сервистерін пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен және осы Келісімнің талаптарымен реттеледі.

3. ҚОЛДАНБАДА ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

3.1. Қолданбаны пайдаланатын тұлға мобильді қолданбалар дүкенінен («App Store», «AppGallery» немесе «Play Market») Қолданбаны жүктейді және оны өзінің пайдаланушы құрылғысына (IOS операциялық жүйелері (9 және одан кейінгі нұсқасы), Android (4.4 және одан кейінгі нұсқасы) орнатылған планшет, смартфон) орнатады.

3.2. Қызметтерді пайдалануды бастау үшін Қолданбаны пайдаланатын тұлға Келісімнің 1.4-тармағына сәйкес тіркеу рәсімінен өтедіе соның барысында осы Келісімнің талаптарымен келіседі.

3.3. Қолданбаны пайдаланатын тұлға Қолданбаның функционалын тікелей пайдалану, яғни мынадай жағдайларда Қызметтерге қолжетімділік алу құқығына ие болады:

3.3.1. егер Қолданбаны пайдаланатын тұлға Абонент болып табылса: төменде көрсетілген барлық талаптар сақталған жағдайда: «AlmaHome» қызметтерін көрсетуге арналған Пайдаланушы келісіміне қосылу туралы өтінішке қол қою, Қолданбаның жеке құрылғысына орнату, осы Келісімнің «AlmaHome» Қолданбасын пайдалануға арналған талаптарын қабылдау, Абонент Құқық иесімен жасаған Пайдаланушы Келісімімен регламенттелген тәртіп пен жағдайларда тиісті соманы алдын ала төлеуді жүзеге асыру;

3.3.2. басқа да жағдайларда - Абонент Пайдаланушыға Қолданбаның функционалы арқылы Қызметтерді алуға рұқсат берген уақыттан бастап.

3.4. «Ақылды домофон» Қызметінің функциясын іске қосу үшін (Қолданбада жасырын түрде, цифрлық нысанда сақталатын бет пішінді анықтау арқылы кіру есігін ашу) Қолданба іске қосылып тұрған уақытта Абонент жеке құрылғының фотокамерасымен немесе домофон панеліндегі камера арқылы өз бетін 50-60 сантиметр қашықтықтан суретке түсіруі қажет – бұл ретте Абонент өзінің фотосуретін Қолданбада растауы тиіс.

3.5. «Ақылды домофон» Қызметінің функциясын іске қосу үшін (Қолданбада жасырын түрде, цифрлық нысанда сақталатын фото арқылы бет пішінді анықтау жолымен кіру есігін ашу) Пайдаланушы Абоненттің Қызметке (Қолданбада жасалған QR-кодты Қолданба арқылы Абоненттің құрылғысында сканерлеу арқылы немесе Абоненттен Қолданбада жасалған сілтемені алу арқылы) қол жеткізуі қажет. Бұл ретте Абонент Пайдаланушыны дербес түрде сәйкестендіруге және оның «Ақылды домофон» Қызметінің функционалына қол жеткізу құқығын растауға тиіс. Қызметке қол жеткізгеннен кейін Пайдаланушы Қолданба белсенді түрде жұмыс істеп тұрған уақытта жеке пайдалануындағы фотокамерамен не Абонент пәтерінің нөмірін теру арқылы домофон панеліндегі камера арқылы өзінің бетін 50-60 сантиметр қашықтықтан фотоға түсіре алады (бұл жағдайда Абонент Пайдаланушыны сәйкестендіреді және Қолданба арқылы оның «Ақылды интерком» Қызметінің функционалына қол жеткізу құқығын растайды).

3.6. Қызметті ұсыну аумағында Қолданбада тіркеуден өткен Пайдаланушы/Абонент «Ақылды домофон» Қызметінің функционалын Қолданба арқылы кіру есігін ашу жолымен Қолданбаға өзінің фотосуреттерін жүктемей-ақ пайдалана алады.

4. ПАЙДАЛАНУШЫ/АБОНЕНТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

4.1. Қызметтер/Қызмет көрсету мақсатында Абонент Қызмет көрсетуге арналған Пайдаланушы келісіміне қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Құқық иесіне Қызмет көрсетуге арналған Пайдаланушы келісімінде сипатталған өзінің дербес деректерінің жинақтамасын жинауға және өңдеуге, сақтауға және пайдалануға өзінің келісімін береді.

4.2. Қызметтер/Қызмет көрсету мақсатында Құқық иесі Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның, оның ішінде Абонентті қоспағанда Абонент өз қалауы бойынша Қолданбаға қолжетімділік берген Пайдаланушылардың дербес деректерін жинамайды және өңдемейді, сақтамайды және пайдаланбайды. Құқық иесі Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның (оның ішінде Пайдаланушының) ұялы телефон нөмірін және Абонентке қызмет көрсету мекенжайын, Қызметті басқару жүйесіне Пайдаланушыны автоматты режимде анықтауға анықтауға (Пайдаланушы өзінің фотосуретін Қолданбаға жүктеген жағдайда) және пәтерге қолжетімділік ұсынуға мүмкіндік беретін, бірақ деректердің жасырын болуына байланысты оның жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік бермейтін фотокескінді алады және сақтайды.

4.3. Қолданбаны пайдаланатын тұлға туралы (оның ішінде Пайдаланушы туралы) мәліметтер Абоненттің есептік деректері шеңберінде ғана Қолданбада сақталады және Құқық иесіне осы тұлғаның жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік бермейді.

4.4. Абонент туралы Қолданбада сақталған мәліметтер Абоненттің жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік бермейді. Абонент туралы дербес деректер тек қана Құқық иесінің билингтік жүйесінде сақталады және өңделеді.

4.5. Пайдаланушы Құқық иесіне Келісім талаптарына сәйкес Қызметтер көрсету мақсаттары үшін оның бейнесі мен фотосуреттерін пайдалануға келісім береді. Берілген келісімнің шеңберінде Құқық иесі дербес те, үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалану арқылы да бейнелер мен фото суреттерді толық немесе фрагментті пайдалануға, оның ішінде материалдық жеткізгіште және «бұлтты» деректер серверінде сақтауға, оның ішінде Пайдаланушыны Қолданба арқылы автоматтандырылған тану үшін ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда осы суреттерді үшінші тұлғаларға беруге, Қызметтер көрсету үшін қажетті өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы болады.

4.6. Құқық иесі Қызмет/Қызметтер көрсету мақсатында Қолданбаны пайдаланатын тұлға туралы Қолданба арқылы алынған мәліметтерді мынадай жағдайларда пайдаланады, ал Қолданбаны пайдаланатын тұлға оған өз келісімін береді:

4.6.1. Құқық иесінің Қызмет/Қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруына;

4.6.2. Пайдаланушыға/Абонентке ақпараттық хабарламаларды (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Қызметтер туралы хабарламаларды, Қолданбаның функционалын, Қызметтер көрсету талаптарының өзгеруін, Құқық иесінің қызметтері мен тауарлары туралы ақпараттық-жарнамалық сипаттағы мәліметтерді және т. б.) әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып – смс-хабарламаларды тарату, Push Up хабарламалар, цифрлық байланыс арналары арқылы өзге де тарату әдістері арқылы жіберу;

4.6.3. Құқық иесінің үшінші тұлғаларға Пайдаланушыдан/Абоненттен алынған және/немесе осы Келісімге байланысты қажетті ақпаратты Құқық иесі оларға Келісім бойынша талап ету құқығын беруге ниет білдірген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда беруі;

4.7. Осы Келісімнің 4.1-т. көрсетілген келісімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын тиісті ақпаратты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын бейне және фотокескіндерді сақтау мерзімі өткен уақытқа дейін не Құқық иесі Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның мәліметтерді және фотокескіндер мен бейнекескіндерді өңдеу туралы келісімін алғанға дейін қолданылады. Аталған келісімдерді осы тұлға Операторға жазбаша өтініш беру арқылы кері қайтарып алуы мүмкін.

4.8. Қолданбаның жұмыс істеуі үшін (соның ішінде қоңыраулар/бейне қоңыраулар жасау үшін) Қолданбаға пайдаланушы құрылғысының функционалына кіруге рұқсат қажет болуы мүмкін: камера, микрофон, телефон, жад және т. б. Қолданбаға пайдаланушылық түпкілікті жабдықтың функционалына рұқсат/қолжетімділік беру үшін, сондай-ақ көрсетілген рұқсатты қайтарып алу/қол жеткізуді тоқтату үшін Пайдаланушы пайдаланушылық құрылғының теңшеулерінде тиісті өзгерістер жасауы қажет.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Құқық иесінің төмендегілерге құқығы бар:

- 5.1.1. Келісімде белгіленген жағдайларда Қолданбаға кіруді шектеуге;
- 5.1.2. Пайдаланушыны Қолданбада тіркеу тәртібін дербес түрде анықтау (және қажет болған жағдайда өзгерту);
- 5.1.3. Сапаны арттыру және жаңа технологиялық процестерді енгізу мақсатында Қызметтер көрсету технологиясын өзгерту, Қолданбаны жаңарту/жаңғыртуға.

5.2. Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның төмендегілерге құқығы бар:

- 5.2.1. Қолданбада тіркеуге қатысты талаптар сақталғаннан кейін, сондай-ақ осы Келісімнің 3-тарауында көзделген оқиғалар басталған кезде Қызметтерге қол жеткізуге;
- 5.2.2. Қолданбада қо жетімді барлық функционалдылықты пайдалануға;
- 5.2.3. Қолданбаны Келісімде көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған тәсілдермен, мақсаттар мен тәртіппен пайдалануға.

5.3. Қолданбаны пайдаланатын тұлға төмендегілерге міндетті:

- 5.3.1. Қолданбаның функционалын адал және сақтықпен пайдалану, теріс салдарлардың, оның ішінде қаскүнемдердің мүлікке және/немесе басқа Абоненттердің/Пайдаланушылардың, олардың отбасы мүшелерінің немесе үшінші тұлғаларының денсаулығына зиян келтіруге бағытталған қылмыстық және құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасау тәуекелдерін болғызбау мақсатында барлық сақтық шараларын қолдануға;
- 5.3.2. Құқық иесінің сұратуы бойынша Қолданбаны пайдалануға берілетін құқықтарға тікелей қатысы бар қосымша ақпаратты ұсынуға;
- 5.3.3. Қолданбаны пайдалану кезінде Құқық иесінің және өзге де үшінші тұлғалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтарын сақтауға;
- 5.3.4. Қолданбаның қалыпты жұмысын бұзатын әрекеттер ретінде қарастырылуы мүмкін әрекеттер жасамауға;
- 5.3.5. Қолданба арқылы алынған ақпаратты тек жеке мақсатта пайдалану. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қолданбаны пайдалану арқылы алынған кез келген ақпаратты, оның ішінде үшінші тұлғалар туралы ақпаратты таратпауға;
- 5.3.6. Нәтижесінде Қолданбадағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын ақпараттың және есептік деректердің құпиялылығы бұзылуы мүмкін кез келген әрекеттерден аулақ болуға;
- 5.3.7. Қолданбаны пайдаланушылық құрылғыға орнату үшін барлық қажетті келісімдерді дербес түрде алу. Қызметтерді алу үшін барлық қажетті келісімдерді алуға;
- 5.3.8. Жабдықты пайдалану қағидаларын бұзбау, Жабдықта қандай да бір жұмысты дербес түрде жүргізбеу, оның ішінде Жабдықтың және/немесе пайдаланушылық (түпкілікті) жабдық құрамының өлшемдерін өзгертпеу, Жабдықты сақтау және жарамды күйде ұстауға;
- 5.3.9. Құпиялылықты қамтамасыз ету және үшінші тұлғаларға есептік деректерді жария етпеу (олар болған кезде (логиндер, құпиясөздер және т. б.), осындай мәліметтерді таратуға және пайдалануға және осындай таратудың салдарларына толық жауапты болуға);
- 5.3.10. Қызметті алу үшін тиісті сападағы интернет қызметінің болуын қамтамасыз етуге;
- 5.3.11. Өз міндеттемелері бұзылған жағдайда, Құқық иесінің жазбаша талабын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Құқық иесіне осындай бұзушылықтан туындаған барлық залалдарды өтеуге міндетті. Құқық иесі Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның өз кепілдіктерімен бұзуымен байланысты наразалықтар қоятын жағдайда Қолданбаны пайдаланатын тұлға осындай наразылықтарды өз күшімен және өз қаражатының есебінен реттеуге міндеттенеді. Келісімнің талаптарын қабылдайтын Абонент Пайдаланушы Жабдықты не Қолданбаның бағдарламалық қамтамасыз етуін, сонымен бірге Келісімнің өзге де талаптарын бұзған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 287-бабына сәйкес Құқық иесінің алдында Пайдаланушылардың (Абонент қолжетімділік берген) барлық әрекеттері үшін бірдей жауапкершілік алатынын растайды;
- 5.3.12. Қолданбада фотосуреттерді жүктеу кезінде Пайдаланушының жүктелетін фотосуреттің авторы және құқық иесі болып табылатындығына, оның ішінде фотосуреттің Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпы қабылданған этика, адамгершілік пен адалдық нормаларына және Келісімнің талаптарына сәйкес келетіндігіне кепілдік беруге;
- 5.3.13. Пайдаланушы фотосуретті қолданбаға өздігінен жүктей алады. Фотосурет пайдаланушы бет пішіні бойынша анықтау қызметін ұсыну үшін қолданылады. Фотосуреттер үшінші тұлғаларға берілмейді. Фотосуреттер Қолданбада 20 жыл сақталады, бұл ретте Пайдаланушы жүктелген

фотосуретті Қолданбадан өз бетінше жоя алады немесе Келісімнің 4.7-тармағына сәйкес Операторға жазбаша өтініш беру арқылы Құқық иесіне сұрау сала алады.

5.3.14. Жүктелген фотосуретті Қолданбадан уақтылы алып тастамаған және/немесе Операторға фотосуреттерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алу туралы жазбаша өтінішті уақтылы бермеген жағдайда, Пайдаланушы жүктелген фотосуреттерді пайдаланудың ықтимал салдары үшін, оның ішінде Пайдаланушыға немесе үшінші тұлғаларға келтіретін залал үшін, деректерді пайдалануды жалғастырғаны үшін немесе кез келген басқа зиян үшін дербес түрде жауапты болады.

5.4. Қолданбаны пайдаланатын тұлғаға төмендегілерге тыйым салынады:

5.4.1. Қолданбаның қалыпты жұмысын бұзуға;

5.4.2. осы Қолданбаның сервистерімен арнайы ұсынылмаған кез келген құралдармен кез келген ақпаратты, құжаттарды немесе материалдарды алу немесе алуға тырысу үшін Қолданбаның навигациялық құрылымын кез келген тәсілмен айналып өтуге;

5.4.3. Қолданбаның функцияларына, осы Қолданбаға қатысы бар кез келген басқа жүйелерге немесе желілерге, сондай-ақ Қолданбада ұсынылатын кез келген қызметтерге рұқсатсыз қол жеткізуге мүмкіндік беруге;

5.4.4. Қолданбада немесе қолданбаға қатысты кез келген желіде тіркелу кезінде қауіпсіздік жүйесін бұзуға;

5.4.5. Қолданбаның кез келген басқа Пайдаланушысы/Абоненті туралы кез келген ақпаратты кері іздеу, қадағалау немесе бақылауға тырысуға;

5.4.6. Қолданбаны және оның құрамын Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған кез келген мақсаттарда пайдалану, сондай-ақ Пайдаланушылардың/Абоненттердің немесе өзге де үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзатын кез келген заңсыз қызметке немесе басқа да қызметке итермелеуге.

6. ҚОЛДАНБАНЫ ПАЙДАЛАНУ

6.1. Қолданбаның құрамын кез келген тәсілмен көшіруге, жариялауға, жаңғыртуға, беруге немесе таратуға, сондай-ақ ғаламдық «Интернет» желісіне орналастыруға болмайды.

6.2. Қолданбаның құрамы авторлық құқықпен, тауар белгілері туралы заңнамамен, сондай-ақ зияткерлік меншікке қатысты басқа да құқықтармен және жосықсыз бәсекелестік туралы заңнамамен қорғалған.

6.3. Қызметтерге қол жеткізу Келісімнің талаптарына сәйкес Қолданбаны пайдаланатын тұлғаны тіркеуді, осы Келісімнің 3-тарауында көрсетілген талаптардың сақталуын талап етеді.

6.4. Қолданбаны пайдаланатын тұлға есептік деректер ақпаратының құпиялылығын сақтауға, сондай-ақ Қолданбада жасайтын барлық іс-әрекеттерге дербес түрде жауапты болады.

6.5. Қолданбаны пайдаланатын тұлға Құқық иесіне оның есептік деректерін рұқсатсыз пайдаланғаны немесе Қолданбаның және/немесе Жабдықтың қауіпсіздік жүйесінің анықталған кез келген басқа бұзушылық жағдайы туралы дереу хабарлауға тиіс.

6.6. Құқық иесі кез келген уақытта Қолданбада ұсынылған функциялар/қызметтер тізбесіне, сондай-ақ Қолданбаның функционалына өзгерістер енгізуге құқылы. Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның, Пайдаланушының/Абоненттің аталған өзгерістерді қабылдауы болып өзгерістер күшіне енгеннен кейін Қолданбаны пайдалану жөніндегі конклюденттік іс-әрекеттер болып табылады.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1. Қолданбаны пайдаланатын тұлға осы Келісімнің кез келген ережесін қасақана немесе абайсызда бұзған жағдайда, сондай-ақ басқа Абоненттің/Пайдаланушының коммуникацияларына рұқсатсыз қол жеткізу салдарынан туындауы мүмкін кез келген залалды Құқық иесі өтемейді.

7.2. Құқық иесі: Қызметтерді алу шеңберінде қолжетімді бейне ағынының (24/7 онлайн режимінде визуалды кескін кадрларының ауысуы) мазмұнына, оны қалыптастыру көзіне, Пайдаланушы/Абонент және/немесе үшінші тұлғалардың бейне ағынын пайдалануына, олардың Интернет желісіндегі сайттарда бейне ағынын орналастыруына жауапты болмайды. Пайдаланушы/Абонент бейнені/бейнежазбаны Құқық иесі қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне, Құқық иесінің және өзге де үшінші тұлғалардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, сол сияқты этика, адамгершілік және адалдық негіздеріне нұқсан келтіретін мақсаттарда және тәсілдермен пайдаланбауға міндеттенеді.

7.3. Пайдаланушы/Абонент пайдаланатын кескінге/бейнежазбаға және/немесе оның жазбасына қатысты үшінші тұлғалардың барлық шағымдарын Пайдаланушы/Абонент дербес түрде реттейді.

Бейнекамералардан алынған сурет «сол күйінде» беріледі. Құқық иесі бейненің / бейне ағынының мазмұнына қарай Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетініне және осы бейне ағынын таратудың авторлық және сабақтас құқықтарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарын бұзбайтынына кепілдік бермейді.

7.4. Қолданбаға тіркеліп, Келісіммен танысқаннан кейін Пайдаланушы/Абонент Құқық иесінің Пайдаланушы/Абонент/үшінші тұлғалар кескінді/бейне ағынын пайдалану процесінде және/немесе Қызметті пайдалану кезінде туындауы мүмкін кез келген залал үшін жауапты болмайтынымен келіседі.

7.5. Кескін/бейне ағыны арқылы алынған ақпаратты пайдалану, тарату жауапкершілігі осы ақпаратты тарататын адамға жүктеледі.

7.6. Өзінің осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы мыналай жағдайлардың салдарынан болса, Құқық иесі жауапкершіліктен босатылады:

- 1) тежеусіз күш мән-жайлары (өрт, дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, террористік актілер, ауа райы құбылыстары, магниттік дауылдар және т. б.);
- 2) мемлекеттік органның Келісім бойынша міндеттемелерін орындау мүмкіндігін жоятын актілер шығаруы;
- 3) Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Келісімде белгіленген міндеттемелерді, оның ішінде Жабдықты/Қолданбаны пайдалану қағидаларын бұзуы;
- 4) үшінші тұлғалардың, оның ішінде Жабдыққа/Қолданбаға залал келтірген қасақана/байқаусызда жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі);
- 5) байланыс желілеріндегі, техникалық құрылғылардағы, желілердегі, телекоммуникациялық жабдықтардағы апаттар/іркілістер, сондай-ақ оператордың ақылға қонымды бақылауынан өзге де жағдайлар және Қызметтерді/Қызметті ұйымдастыруға қатысатын басқа да телекоммуникациялық компаниялардың әрекеттері үшін;
- 6) Қолданба,ы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде пайдалану;
- 7) Пайдаланушының пайдаланушылық құрылғысының өлшемдері Қолданбаның тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етпейтін жағдайда, Қолданбаның тиісінше жұмыс істемеуі;
- 8) Қолданбаны пайдалатын тұлғаның осы Келісімнің талаптары шеңберінде Құқық иесіне берген ол туралы мәліметтерді және/немесе бейне-фотосуреттерді пайдалану туралы келісімін кері қайтарып алуы;

7.7. Құқық иесі төмендегілер үшін жауапкершіліктен босатылады:

- 1) Пайдаланушыда/Абонентте және (немесе) үшінші тұлғаларда Пайдаланушының/Абоненттің, Пайдаланушыдан/Абоненттен Қызметтер/Қызмет көрсету аумағына кіруге рұқсат алған үшінші тұлғалардың әрекеттеріне байланысты туындаған залалдар;
- 2) үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттері нәтижесінде Пайдаланушыда/Абонентте орын алған залалдар;
- 3) профилактикалық, шұғыл жұмыстарды жүргізу барысында, Қызметтер көрсетудегі/Қолданбаның жұмыс істеуіндегі ақауларды жою барысында Пайдаланушыда/Абонентте орын алған залалдар;
- 4) тежеусіз күш мән-жайларының басталуы, қолайсыз ауа райы жағдайлары, электр қуатының істен шығуы (Құқық иесінің тікелей кінәсінен емес) сияқты, бірақ онымен шектелмей, Құқық иесінің жауапкершілік аймағынан тыс себептерге байланысты бейне ағынының сапасы (оның ішінде кідірістер/үзілістер/үзінділер). Бейне ағынын көру сапасы мен мүмкіндігі Пайдаланушының пайдаланушылық құрылғысының болуы мен сипаттамаларымен және Интернет желісіндегі жылдамдықпен шектелген;
- 5) Құқық иесінің меншігінде болмайтын байланыс желісінің, Домофон желісінің жекелеген сегменттерінің сапасыз жұмыс істеуі және қолжетімділігі, байланыс желісінің жұмысы кезінде ақпаратты жеткізу және оның құпиялылығы, өйткені байланыс желісі әртүрлі желілердің ерікті бірлестігі болып табылады. Құқық иесі байланыс желісі (Интернет желісі) арқылы уақытша немесе үнемі қолжетімсіз болатын тораптармен немесе серверлермен ақпарат алмасу мүмкіндігіне кепілдік бермейді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Келісімде көзделген өзге де жағдайларда.

7.8. Құқық иесі Пайдаланушының/Абоненттің алдында Келісімде көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Осы арқылы Құқық иесі мен Пайдаланушы/Абонент Пайдаланушыға/Абонентке қызмет көрсету шеңберінде Құқық иесінің

жауапкершілігі Пайдаланушыға/Абонентке келтірілген тікелей залалдың (нақты залалдың) мөлшерімен шектелетініне және Құқық иесі Пайдаланушының/Абоненттің және (немесе) үшінші тұлғалардың жоғалған пайда түріндегі ықтимал шығындары үшін жауап бермейтініне келіседі.

7.9. Пайдаланушы/Абонент Қолданбаның функционалын пайдалану кезінде өз әрекеттері үшін, оның ішінде үшінші тұлғалар алдында дербес түрде жауапты болады. Пайдаланушы осы Келісімнің кез келген ережесін Пайдаланушының/Абоненттің қасақана немесе абайсызда бұзуы нәтижесінде өзінде туындаған шығындардың өтелуін Құқық иесінен талап етуге, сонымен бірге үшінші тұлғалардың шығындарды өтеуін талап етуге құқылы болмайды.

8. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ

8.1. Құқық иесінің Қолданбаны пайдаланатын тұлға туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін немесе сот шешімдерін орындау, осы Келісімнің талаптарын орындауды қамтамасыз ету, Қолданбаны пайдаланатын тұлғаның құқықтарын немесе қауіпсіздігін қорғау үшін қажет деп санайтын үшінші тұлғалар туралы кез келген ақпаратты жария етуге құқығы бар.

8.2. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы осындай жария етуді талап етсе немесе оған рұқсат берсе, Құқық иесінің Қолданбаны пайдаланатын тұлға туралы ақпаратты жария етуге құқығы бар.

8.3. Егер Пайдаланушылардың кез келгені осы Келісімді бұзса, не Абонент «AlmaHome» Қызметтерін көрсетуге арналған Пайдаланушылық келісімнің ережелерін бұзса, сондай-ақ Құқық иесіне байланысты емес себептер бойынша не техникалық ақаудың немесе проблеманың себебінен қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда, Құқық иесі Пайдаланушыны/Абонентті алдын ала хабардар етпей, Қолданбаға кіруді тоқтатуға және (немесе) бұғаттауға құқылы болады.

8.4. Егер Пайдаланушылардың кез келгені осы Келісімді бұзған не Абонент осы Келісімнің ережелерін немесе «AlmaHome» Қызметтерін көрсетуге арналған Пайдаланушылық келісімнің ережелерін бұзған жағдайда, Құқық иесі Пайдаланушы/Абонент немесе үшінші тұлғалардың алдында Қолданбаға қолжетімділіктің тоқтатылғаны үшін жауапты болмайды.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

9.1. Осы Келісімнің Тараптары арасында кез келген келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда сотқа жүгінгенге дейінгі міндетті талап наразылық (дауды ерікті түрде реттеу туралы жазбаша ұсыныс) білдіру болып табылады.

9.2. Наразылықты алушы оны алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде өтініш берушіге наразылықты қарау нәтижелері туралы жазбаша хабарлайды.

9.3. Дауды ерікті тәртіппен шешу мүмкін болмайтын кезде Тараптардың кез келгені өздеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен берілген құқықтарын қорғау үшін Құқық иесінің орналасқан жері бойынша сотқа жүгінуге құқылы болады.

10. ҚОСЫМША ЖАҒДАЙЛАР

10.1. Пайдаланушының/Абоненттің Қолданбада, сондай-ақ қолданбалар дүкендерінде орналастырылған пікірлері құпия ақпарат болып табылмайды және оны Құқық иесі шектеусіз пайдалана алады.

10.2. Осы Келісім әрқайсысы бірдей заңды күшке ие мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

10.3. Осы Келісім Қолданбаны пайдаланатын тұлға осы Келісімге қосылған күннен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Келісімде көзделген негіздер бойынша тоқтатылған уақытына дейін қолданылады. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Абоненттің дербес деректерін жинауға және өңдеуге, сондай-ақ Пайдаланушының/Абоненттің бейне-фотосуреттерін пайдалануға келісім оларды жинау және өңдеу мақсаттары үшін қажетті мерзім ішінде қолданылады.

10.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Келісімнің 8.3-тармағында көрсетілген Қолданбаға қолжетімділікті тоқтату негіздері болатын жағдайда Құқық иесінің осы Келісімді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға (біржақты бас тарту) құқығы бар және Келісім бұзылған болып есептеледі.

Құқық иесінің деректемелері:
«Алма Телекоммуникациялар Қаззақстан» АҚ
050026, Алматы қ., Әйтиев к-сі, 23-үй
БСН: 940540000499
ЖСК KZ778210339812142804
БСК KINCKZKA
«Bank RBK» АҚ Алматы қ. филалы, БЕК 17
е-mail: info@almaty.kz
Тел. +7 (727)250-05-10

СОГЛАШЕНИЕ НА ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИЛОЖЕНИЯ «ALMANOME»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящее Соглашение на использование Приложения «AlmaHome» (далее – «Приложение»), регламентирует отношения между АО «АлмаТел Казахстан», имеющим адрес местонахождения: г. Алматы, ул. Айтиева, д. 23 (далее — «Правообладатель»), и лицом, использующим Приложение (далее — «Лицо, использующее Приложение»), в дальнейшем совместно именуемые «Стороны», а в отдельности - «Сторона». При этом под Лицом, использующим Приложение, понимается любое физическое лицо, находящееся на территории Республики Казахстан, достигшее 18 лет либо старше, не лишенное или не ограниченное судом в дееспособности, установившее Приложение и прошедшее регистрацию в соответствии с п. 1.4. настоящего Соглашения. Условия настоящего Соглашения являются публичной офертой в соответствии со статьей 395 Гражданского кодекса Республики Казахстан и использование Приложения возможно исключительно на условиях настоящего Соглашения. Ознакомление с настоящим Соглашением является обязательным условием при первом входе в Приложение лица, установившего данное Приложение на личное пользовательское устройство. Лицо, производящее регистрацию в Приложении, подтверждает свое ознакомление с настоящим Соглашением и соглашается с его условиями.

1.2. Приложение предоставляет доступ к Услуге «Умный домофон», «Услуге видеонаблюдения» (далее – «Услуги»), а по отдельности «Услуга»). Функции каждой из Услуг, а также иные условия оказания Услуг указаны на Сайте «<https://alma.plus>» (далее – «Сайт»). Услуги не являются услугами охраны, контроля, сигнализации, безопасности и/или системой исключения наступления нежелательных последствий, ущерба для имущества и/или здоровья. Сведения, передаваемые от оборудования, используемого при предоставлении Услуги (далее – «Оборудование»), являются информацией, на основе которой Лицо, использующее Приложение самостоятельно принимает необходимые меры по сохранности имущества/здоровья.

1.3. Лицо, использующее Приложение, установившее Приложение и прошедшее регистрацию в соответствии с п. 1.4. настоящего Соглашения, может признаваться Абонентом либо Пользователем, в зависимости от наличия заключенного с ним Пользовательского соглашения на оказание Услуг. В рамках данного Соглашения Стороны определили, что:

